

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ  
Ақшатау орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау  
нәтижелерінің қорытындысы**

Ақшатау ауылы  
Ақжол көшесі -1А

30.09.2024ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Ақшатау орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж. 01.09 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024ж. 02.09 № 34 н/қ бұйрығының негізінде 02-30.09 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж. 02.09 № 34-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1	Карасаев Бекжан Каримович	мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Махатова Айдана Маратқызы	директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Калиева Гулнара Жумабековна	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Бақтыгереева Алтынгүл Аманжоловна	мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5	Мадиев Мереке Какимжанович	шарушылық меңгерушісі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

## **1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

**Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің

«Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

030900, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі үй №1 А,

**Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**

Телефон: 8 (71332) 72-0-81;

Мектеп сайты: [akshatau.uil-roo.edu.kz](http://akshatau.uil-roo.edu.kz) мектеп электронды поштасы: [AkshatauOM@mail.kz](mailto:AkshatauOM@mail.kz)

**Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**

Карасаев Бекжан Каримович, «Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ-нің 2014 жылғы 07 ақпанындағы №51 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

ұялы телефоны: 87775063585,

**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 22.05.1997 жыл, БСН-970540001988.

**Құрылтайшысы:** «Ойыл ауданының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 30 желтоқсан 2020 жылғы №490 қаулысымен бекітілген

**Рұқсат етуші құжаттар**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны KZ33RVK00059839 13.09.2024 жылы берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 19.07.2016 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ94LAA00007433 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

### *Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар*

*Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;*

**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 29 педагог (оның ішінде, 1 тәлімгер, 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 29 педагог ішінде: санаты жоқ -12, екінші санатты -0, бірінші санатты -1, жоғары санатты -0, «педагог-модератор» - 4, «педагог-сарапшы» - 10, «педагог-зерттеуші»-2, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 44,3 %.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 12 . «педагог» – 6, «педагог-модератор» – 2, «педагог-сарапшы» – 4, «педагог-зерттеуші» – 0. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 33,3%-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 21. Оның ішінде, I санат-1, «педагог» – 9, «педагог-модератор» – 2, «педагог-сарапшы» – 7, «педагог-зерттеуші» – 2, Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – 42,8%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

**2023-2024 оқу жылы.** “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 10 мұғалім. Оның ішінде - “педагог-сарапшы” – 4 мұғалім, “педагог-модератор” – 3 мұғалім, педагог-5 мұғалім. Сапалық құрам – 33,3 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша 30%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 22. Оның ішінде –“педагог-зерттеуші” – 3 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 6, “педагог-модератор” – 3 мұғалім, педагог - 9мұғалім. I санат-1мұғалім, Сапалық құрам – 40,9% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша - 35 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**2024-2025 оқу жылы.** 2024-2025 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 10 мұғалім. Оның ішінде - “педагог-сарапшы” – 4 мұғалім, “педагог-модератор” – 5 мұғалім, педагог-1 мұғалім. Сапалық құрам – 40 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша 30%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 21. Оның ішінде –“педагог-зерттеуші” – 3 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 5, “педагог-модератор” – 4 мұғалім, педагог - 9 мұғалім. Сапалық құрам – 38% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша - 35 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Ақшатау орта мектебі» КММ-де педагогтер саны – 28, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 18; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер – 1 (Туребекова А); арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 9. Сапалық құрам – 64,2%

**Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;**

2022-2023,2023-2024 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек	Санаты
Карасаев Бекжан Каримович	Мектеп директоры	32 жыл	25 жыл	10 жыл 2014 жылдан	Үшінші санатты басшы №452 бұйрық, 29.08.2024ж
Басауова Салима Сергазиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	11 жыл	11 жыл	5 жыл 2019-2024 жыл	"Педагог – сарапшы" №369 бұйрық 11.09.2023ж. ББҰ басшы орынбасары: "3 біліктілік" санаты №383 бұйрық 04.08.2021ж
Махатова Айдана Маратқызы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	12 жыл	0,1 ай 2024 жылдан	"Педагог – сарапшы" №369 бұйрық 11.09.2023ж.
Калиева Гулнара Жумабековна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	37 жыл	37 жыл	5 жыл 2019 жылдан	"Педагог-сарапшы" №452 бұйрық 29.08.2024ж ББҰ басшы орынбасары: "3 біліктілік" санаты № 799 02.11.2022 ж.

Көрсетілген кестеге сәйкес мектеп басшысы біліктілік санатынан 2023 жылы аттестаттаудың кейінге қалдырылуына байланысты, бір жылға ұзартылып, 2024 жылы тамыз айында өтті. Басшы орынбасарларының қызмет ауыстыруына байланысты мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С. Басауованың орнына мектеп директорының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 86 бұйрығымен А. Махатова тағайындалды. Сол себепті басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмеді.

**Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;**

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да

азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2023 жылдың көктемінде өтініш берілген. «Ақшатау ОМ» КММ-де 2022-2023 оқу жылында 8 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 2 педагог, «педагог-сарапшы» санатына – 2 педагог, «педагог-зерттеуші санатына» - 1 педагог. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі педагогтің цифрлық профилі –Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰББДҚ) ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері қаралды. Нәтижесінде өтініш білдірген педагогтердің 2-уі электронды деректері, яғни «педагог-модератор» санатына үміткер Жаңатуғанова А. мен Дошаева Т. «өтпеді». Оған білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылардың болмауы себеп болған.

2 педагог ҰБТ –ден өтпеді. /математика пәні мұғалімі Борашев Ә, информатика пәні мұғалімі Мадиева С.

2023-2024 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың тамыз айында өткізілді. 2023-24 оқу жылында 9 педагог өтініш берген. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 4 педагог, растауға -1 педагог, «педагог-сарапшы» санатын растауға – 3 педагог, «педагог-зерттеуші санатын растауға» - 1 педагог. Солардың ішінен, 5 педагог-модератор, 3 педагог-сарапшы, 1 педагог-зерттеуші аталған біліктілік санаттарына ие болды.

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

Зерделеу нәтижелері:

2021-2022 оқу жылында оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.

Аудандық «Кішкентай білгірлер» олимпиадасында жақсы нәтиже көрсете білгені үшін мақтау қағазымен 4-сынып оқушысы Әлімжан Нұрбол марапатталды. Жетекшісі: Жумагалиева Г.

Жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында математика пәнінен 6-сынып оқушысы Изғалиев Мейіржан мақтау қағазына ие болды. Жетекшісі: Махатова А.М

«Сырбай Мәуленов-лирик ақын» атты аудандық мәнерлеп оқу байқауынан Серікболқызы Лаура I орынға ие болды. Жетекшісі: Казбекова А.Ж

Республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңіне қатысып, II орын алғаны үшін 11-сынып оқушысы Бақтыгереев Жасұлан, эссе жазу бағыты бойынша I орын алғаны үшін Жарқынбай Ерсұлу марапатталады. Жетекшісі: Казбекова А.Ж

«Зерде» шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінен биология/медицина секциясы бойынша Бақытов Дамир, Алпамысұлы Жандос I орын иеленді. (Пән мұғалімі Аханова Ж)

«Зерде» шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінен физика секциясы бойынша 3-сынып оқушысы Ахметжан Сүйрік II орын. (Пән мұғалімі Дошаева Т.)

«Зерде» шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінен биология/медицина секциясы бойынша 7-сынып оқушысы Әлімжанова Жанымгүл III орын. (Пән мұғалімі Бақтыгереева Э.)

«Зерде» шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінен психология секциясы бойынша Махсотов Азамат мақтау қағазын иеленді. (Пән мұғалімі Жумагалиева Г.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде тарих пәнінен 11-сынып оқушысы Бақтыгереев Жасұлан I дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Айтеков А.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 9-сынып оқушысы Маратова Құндыз I дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Казбекова А.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде география пәнінен 9-сынып оқушысы Борашева Зухра II дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Карасаев Б.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 9-сынып оқушысы Оралбай Алтынбек III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Онбаева Ж.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде тарих пәнінен 10-сынып оқушысы Арманұлы Әділет III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Айтеков А.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде өзін-өзі тану пәнінен 10-сынып оқушысы Кәкімжанова Диана II дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Айтеков А.)

Облыстық кезең бойынша:

Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңіне қатысып, эссе жазу бағыты бойынша III орын алғаны үшін Жарқынбай Ерсұлу марапатталады.

«Зерде» шығармашылық жобалар байқауының облыстық кезеңінен биология/медицина секциясы бойынша Бақытов Дамир, Алпамысұлы Жандос III орын иеленді. (Пән мұғалімі Аханова Ж.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңінде қазақ әдебиеті секциясы бойынша Жарқынбай Ерсұлтан III орын иеленді. Жетекшісі: Басауова С.

2022-2023 оқу жылының басында дарынды баламен жүргізілетін жұмыстар тізбектеліп, жоспарға сай бекітілді және жоспарға сәйкес жаңа міндеттер қабылданды. Осындай жүргізілген жұмыстар оң нәтижесін көрсетіп келеді.

Талантты педагог Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Нұғыманова Гүлжамал Аққайдауқызы атындағы қазақ тілімен әдебиетінен аудандық пәндік олимпиадасынан Маратова Құндыз II орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

Аудандық «Кемеңгер» олимпиадасына қатысып, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Жарқынбай Ерсұлтан Саматұлы III орын иеленді. (Пән мұғалімі: Басауова С.С.)

Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының аудандық кезеңіне қатысып, Серікболқызы Лаура II орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.Ж.)

Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының аудандық кезеңіне қатысып, Әлімжанова Жанымгүл I орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.Ж.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 10-сынып оқушысы Маратова Құндыз III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Казбекова А.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 9-сынып оқушысы Жарқынбай Ерсұлтан III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Басауова С.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 10-сынып оқушысы Оралбай Алтынбек II дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі: Онбаева Ж.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде орыс тілі пәнінен 11-сынып оқушысы Кәрім Дамира III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Курманалина Л.)

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 11-сынып оқушысы Нұғыметова Гүлдана мақтау қағазымен марапатталды. (пән мұғалімі: Онбаева Ж.)

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткізілген олимпиаданың биология пәні бойынша аудандық кезеңінде Жанбуршиев Ахмет I орын иеленді. (пән мұғалімі: Онбаева Ж.)

### **Облыстық кезең бойынша:**

Республикалық III «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне қатысып Маратова Құндыз Бұланқызы III орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

«Сырбай Мәуленов» оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, Серікболқызы Лаура I орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

Республикалық III «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне қатысып Кәрім Дамира II орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

Республикалық «Мәшһүр-Жүсіп» оқуларының облыстық кезеңіне қатысып Жарқынбай Ерсұлтан «Мақтау қағазы» иеленді. (Пән мұғалімі: Басауова С.)

Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, Әлімжанова Жанымгүл III орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

Облыстық «Туған ауылым мақтанышым» атты сырттай эссе байқауына қатысып, Қонысов Бекарыс II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

### **Республикалық кезең бойынша:**

1. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Ахметжан Сүйрік I дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)

2. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Алпамысұлы Жандос I дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)

3. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Бақытов Дамир III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)

4. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Мақсотова Перизат II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)

2023-2024 оқу жылында да оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.

1. Аудандық «Аламан» олимпиадасына қатысып, география пәні Кәрім Бекарыс III орынға ие болды. (пән мұғалімі Карасаев Б.)

2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде география пәнінен 11-сынып оқушысы Борашева Зухра *мақтау қағазымен* марапатталды. (пән мұғалімі Карасаев Б.)

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде география пәнінен 9-сынып оқушысы Кәрім Бекарыс *мақтау қағазымен* марапатталды. (пән мұғалімі Карасаев Б.)

4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 11-сынып оқушысы Маратова Құндыз III орын иеленді. (пән мұғалімі Онбаева Ж. )
5. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 9-сынып оқушысы Әлімжанова Жанымгүл I орын иеленді. (пән мұғалімі Казбекова А. )
6. Математика пәнінен 11-сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасының өңірлік кезеңінен Қуанышева Толғанай III орын иеленді. (пән мұғалімі Махатова А. )
7. Жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде химия пәні бойынша Қонысбай Арайлым мақтау қағазымен марапатталды. (пән мұғалімі: Бақтыгереева Ә. )
8. Жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақстан тарихы пәні бойынша Ахметжан Жаннұр III орын иеленді (пән мұғалімі: Айтеков А.Ж)
9. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде жақсы нәтиже көрсеткені үшін грамота иеленді. (пән мұғалімі: Аханова Ж.)
10. 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңінде медицина, психология, экология секциясы бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін Ахметжан Сүйрік II орын иеленді. Жетекшісі: Дошаева Т.
11. Кеңес әскерінің Ауғанстан шекарасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Мерген сарбаз-2024» атты жарыста Маратұлы Нұртілек жүлделі II орын алған. (Пән мұғалімі: Мерғалиев Е.)
12. Кеңес әскерінің Ауғанстан шекарасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Мерген сарбаз-2024» атты жарыста Ақшатау ОМ командасы «Пневматикалық винтовкамен ату» номинациясын иеленген. (Пән мұғалімі: Мерғалиев Е.
13. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәні бойынша Ахметжан Сүйрік III орын иеленді. (пән мұғалімі: Казбекова А)

#### **Облыстық кезең**

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсынвн облыстық кезеңінде қазақ әдебиеті секциясы бойынша Әлімжанова Жанымгүл III дәрежелі диплом иеленді. (пән мұғалімі Казбекова А.Ж )
2. Республикалық «Мұқағали Мақатаев» оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсетіп Серікболқызы Лаура III орын иеленді. (пән мұғалімі Казбекова А.Ж )
3. Облыстық «Аламан» олимпиадасына қатысып, география пәнінен Кәрім Бекарыс III орын иеленді. (пән мұғалімі Карасаев Б.К )



4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Қонысова Аяжан ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
5. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Қонысова Аяжан ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
6. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Қонысбай Әмина ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
7. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Қонысова Аяжан ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
8. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Қонысов Бекарыс ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
9. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Жарасқызы Айиша ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
10. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Маратов Нұрзат ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
11. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Маратқызы Алтынай ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
12. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып, Әлімжанова Жанымгүл ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
13. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Алпамысұлы Жандос ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
14. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Хамитов Әсет ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )
15. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ІІ республикалық «SAPSAN» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып Оралбаев Исламбек ағылшын тілінен І орын иеленген. (пән мұғалімі: Сембаева Н.Қ )

#### **Республикалық кезең бойынша:**

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Махсот Инжу ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Сырымова Кәмшат ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Қонысова Айзере І дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Қайрат Фариза ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Әлімжанова Нұрай III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Елубай Мансур III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Арманқызы Айкөркем III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Жаңабай Инабат I дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Сырымова Кәусар II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Борашева А)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Бақытова Дильназ II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Аханова Ж.К)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, Саматқызы Ақтоты III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Аханова Ж.К)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Кәрім Ботакөз II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Елубай Әсем II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Зүһрабұлы Дидар III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» олимпиадасына қатысып Төлеу Әділ III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Тұрарұлы Нұрәлі II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Иманжан Жаннұр II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

«Кенгуру» ойын-конкурсына қатысып, Қонысбай Амина III дәрежелі дипломмен марапатталған. (Пән мұғалімі: Калиева Г.Ж)

«Кенгуру» ойын-конкурсына қатысып, Иманжан Жаннұр II дәрежелі дипломмен марапатталған. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

«Кенгуру» ойын-конкурсына қатысып, Кәрім Ботакөз II дәрежелі дипломмен марапатталған. (Пән мұғалімі: Жумағалиева Г.С)

*Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдері бойынша нәтиже:*

2021-2022 оқу жылында пәндік олимпиада қараша айының 12-13 күндері өткізілді, мектепшілік олимпиадаға негізгі пәндер бойынша 8-11 сыныптардан қатысушылар саны – 15 оқушы болды. Оның ішінде екі турдан өте жоғары балл жинап жүлделі орын алғандар бойынша : I орын - 4 оқушы, II орын- 2 оқушы, III орын- 1 оқушы.

Аудандық олимпиадаға 7 оқушы қатысып, I орын – 2 оқушы, II орын – 1 оқушы, III орын – 2 оқушы. Білім сапасы – 71,4 %. 2022 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың *облыстық кезеңі* өтті. Барлығы 2 оқушы қатысып келді.

2022-2023 оқу жылында пәндік олимпиада қараша айының 12-15 күндері мектепшілік өткізілді, мектепшілік олимпиадаға негізгі пәндер бойынша 9-11 сыныптардан қатысушылар саны – 12 оқушы болды. Оның ішінде екі турдан өте жоғары балл жинап жүлделі орын алғандар бойынша : I орын – 3 оқушы, II орын- 3 оқушы, III орын- 1 оқушы.

аудандық олимпиадаға негізгі пәндер бойынша 9-11 сыныптардан қатысушылар саны – 7 оқушы болды. Аудандық олимпиададан II орын- 2 оқушы, III орын- 2 оқушы. Мақтау қағазымен -1 оқушы марапатталды. Білім сапасы – 57,1%

2023-2024 оқу жылында пәндік олимпиада қараша айының 19-20 қараша күндері мектебімізде гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша

Республикалық пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңі өтті. Олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы және құқық, математика, информатика, физика, химия, биология және география пәндерінен барлығы – 11 білім алушы қатысты. Соның 9 оқушысы аудандық олимпиадаға жолдама алып қатысып келді. Кәрім Б.Б, Борашева З.Қ география пәні бойынша мақтау қағазын иеленсе, Әлімжанова Жанымгүл I орын. Маратова Қ.Б биология пәнінен III орын иеленді.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
2021- 2022	7	2	1	2						
2022-2023	7		2	2						
2023-2024	9	1	0	1						

### Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) олимпиадаларға қатысуын талдау

Оқу жылы	Сынып	Орыс тілі мен әдебиеті		Қазақ тілі мен әдебиеті		Ағылшын тілі		Биология	
		бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар
2021-2022	8–11	0	0	1	1	0	0	2	1
2022-2023	9–11	1	1	2	2	1	0	2	1, МҚ
2023-2024	9–11	0	0	2	1	0	0	1	1

кестенің жалғасы

Математика		Тарих	
бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар
0	0	2	2

2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарындағы Интеллектуалдық ойын-сайыстарға қатысу көрсеткіштері:

Оқу жылы	Ақбота		Кенгуру		КИО		Пони	
	қатысты	орын алды	қатысты	орын алды	қатысты	орын алды	қатысты	орын алды
2021- 22	10	10	12	6	5	2	13	8
2022 – 23	13	8	25	22	-	-	10	8
2023 – 24	8	8	6	4	-	-	15	15

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеу мақсатында жүргізіліп жатқан тереңдетілген және стандартты деңгейдегі сағаттар, сонымен қатар вариативтік және гимназиялық компонент сағаттары оқытылуы бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті.

2021 – 2022 оқу жылы бойынша «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауында Аудандық “Зерде” зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.

- 1.Бақытов Д,Алпамысұлы Ж- 1 орын, жетекшісі Аханова Ж.К
- 2.Қонысова А – мақтау қағазы, жетекшісі Мадиева С
- 3.Әліманова Ж- III орын, жетекшісі Бақтыгереева Э

4. Ахметжан С.А –II орын, жетекшісі Дошаева Т.Ж  
5.Махсотов А-мақтау қағазы , жетекшісі Жумагалиева Г.С  
Жұлделі 1 орын алған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды.

Облыстық деңгейде :

1.Бақытов Д,Алпамысұлы Ж- III орын, жетекшісі Аханова Ж.К  
2022 – 2023 жж. Аудандық “Зерде” зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.

1.Борашева З – мақтау қағазы

2023-2024 оқу оқу жылы бойынша «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауында Аудандық “Зерде” зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.

Ахметжан С.А – II орын, жетекшісі Дошаева Т.Ж

### ***Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Ақшатау орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2022-2023 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 11 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

<b><i>Оқу жылы</i></b>	<b><i>Барлық педагогтер</i></b>	<b><i>Базалық курс</i></b>
<i>2021-2022 о.ж</i>	<i>36</i>	<i>13</i>
<i>2022-2023 о.ж</i>	<i>33</i>	<i>20</i>
<i>2023-2024 о.ж</i>	<i>34</i>	<i>7</i>

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 4. Оның ішінде төртеуі жас маман –Қасымова А.А, Джайғужина Н.М, Қосанова Ә.А, Қилыбаев Т.А

*2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы* басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2021-2022	Карасаев Б.К 1."Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті" 19.11-27.11.2020 80 сағат, Өрлеу; №0375939  2.«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 430 сағат, 31.05.2022 ж ЦПМ, 2be06c799	Басауова С.С "«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы интегративті амалы» 08-06-19.06.2020 ж 80 сағат №0340799  Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» 09.03-19.03.2021ж 80 сағат №0376800	Калиева Г.Ж «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы интегративті амалы» 08-06-19.06.2020 ж 80 сағат №0340825
2023-2024 оқу жылы			Калиева Г.Ж «Білім берудегі менеджмент» 09.02.2024 80 сағат ЦПМ №046800

### 3.Білім алушылар контингенті

***Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:***

***деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;***

Ақшатау орта мектебіне қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Ақшатау орта мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2- қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Ақшатау орта мектебінде 2022-2022 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында 92 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 8,3 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 11 класс комплектіде 93 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 8,4 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

2024-2025 оқу жылында 2-3 сыныптар біріктіріліп, 10 класс комплектіде 83 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 8,3 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады

Ақшатау орта мектебі бойынша 2022-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар	
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті
2022-2023	3	6	2	4	1	2	0	0
2023-2024	3	11		6	3	5	0	0
2024-2025	2	4	1	3	1	1	0	0

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі халықтың еледі мекеннен көшуі болып қала береді.

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

*Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;*

#### Зерделеу барысында:

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 92 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 7 білім алушы оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09 №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер)1-қосымша 1-4 кластар үшін; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша 5-9 кластар үшін; 10-11 кластар үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша негізінде жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 320,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 320,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2023-2024 оқу жылында Ақшатау орта мектебінде барлығы – 93 оқушы. Сынып комплектісі – 11.

бастауыш білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 4;  
негізгі орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 5;  
жалпы орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны-2

Мектепалды даярлық сыныбы – 1. мектепалды даярлық сыныбында 10 тәрбиеленуші бар.  
2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы іске асырылуда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 3-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен 1-қосымшасы, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымша, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 39-қосымша;) негізінде жүзеге асырылды.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «Bilim.klass» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

**2024-2025 оқу жылында** Ақшатау орта мектебінде барлығы – 83 оқушы.

Сынып комплектісі – 10. Оқушы толымдылығының жетіспеуіне байланысты 2 және 3 сыныптар біріктірілген.

бастауыш білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 3;  
негізгі орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 5;  
жалпы орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны-2

Ақшатау орта мектебінде мектепалды даярлық сыныбында 5 тәрбиеленуші бар. Мектепалды даярлық сыныбы – 1

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы іске асырылуда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20

желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 3-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен 1-қосымшасы, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымша, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 39-қосымша;) негізінде жүзеге асырылды.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2024жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

***жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***

**2022-2023 оқу жылы бойынша.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары [kundelik.kz](http://kundelik.kz)-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар [kundelik.kz](http://kundelik.kz)-те толтырылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы іске асырылды.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 3-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.



Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен 1-қосымшасы, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымша, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 39-қосымша;) негізінде оқытылған.

*білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойынша ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, 2022-2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 02 қыркүйегіндегі № 58 бұйрығы, 2023-2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 31 тамыз № 45 бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылды. 2024-2025 оқу жылында мектеп директорының 2024 жылдың 28 тамыз №32 бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылды

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерді негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған. 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4 қосымшалары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру аясында кешенді жоспары жасақталған.

**2024-2025 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту Министрлігінің 30.07.2024 № 194 бұйрығына Ақтөбе облысы білім басқармасы ММ-нің 06.08.2024 жылдың №380 бұйрығы, Ойыл ауданы білім бөлімінің 26.08.2024 жылдың №443 бұйрығына сәйкес, «Ақшатау орта мектебі» КММ-нің 28.08.2024 жылдың №32 бұйрығы негізінде **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** жүзеге асырылуда. Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ождан, рухани –адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

***Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;***

2022– 2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу».

2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты « Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.

«*Мектептің өзін-өзі басқаруы*» - жобасы бойынша «Күншуақ» парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челенджеріне орай бейнероликтер түсіріліп, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, қарттар күніне орай ауылдың еңбек ардагерлеріне құттықтау мерекелік концерт қойып құрмет көрсетілді. Ұстаздар күніне орай Айжарықов Қоныс пен Айжарықова Света апайды мерекемен құттықтап, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған “Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!” атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған “Алтын жүрек” челленджіне қатысқан.

«*Ұшқыр ой алаңы*» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте "Ұшқыр ой" дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, алғыс хаттарға ие болған. Жетекшісі Айтеков Айдос. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2022-2023 оқу жылында "Ұшқыр ой" дебат клубының мүшелерімен "БП: қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі деп есептейді", "БП ғаламтордың пайдасынан зияны көп деп есептейді", «БП: пара берумен қалай күресуге болады?» тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілген.

Мектепте «*Оқуға құштар мектеп*» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды, 2022-2023 оқу жылы «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабыммен selfie», «Баламды құшағыма алып кітап оқимын» атты акциялары өткізілген.. «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман білім алушылар төс белгісімен, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған. «Бір кітаптың ізімен» оқылған кітап мазмұны бойынша ата-аналар, білім алушылар сахналық қойылымдар қойған.

2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар» мектеп жобасы аясында 5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл кемел- болашақ тағдыры», «Ізгілікке тартқан жас ғұмыр» атты кітапханада кездесу, «Мақал–сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» атты жарыс сабақ, «Тәуелсіздік –елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесі, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына «Дара дарын- Қаныш Сәтбаев», дүниежүзілік кітап күніне орай «Кітап-асыл қазына», «Үнемі оқитын адам- табысты адам»,

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында М.Мақатаевтың туған күніне орай «Мұқағали-ғасыр адамы» атты әдеби кеш ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылдары «Отбасы – мектеп» жобасы бойынша «Отбасы-бақыт мекені» апталығы, «Ата-анаңа қоңырау шал» тақырыбында челленджі, «Менің отбасым» асфальтта сурет салу, «Мен отбасыммен мақтанамын» фото сурет көрмесі, "Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі", «Қыз-қылығымен көрікті» дөңгелек үстелдер, «Жасөспірімдердің арасындағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу, «Отбасындағы толерантты мінез құлықты қалыптастыру» атты дөңгелек үстел, «Бала құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, «Темекі шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың зияны» тақырыбында әкелер мектебімен кездесу, «Қыз қылығымен көрікті» аналар кеңесі, «Ана мейірімі» тақырыбында әжелермен кездесу, "Ұлағат" әкелер мектебі ұйымдастыруымен волейболдан, баскетболдан, футболдан, үстел теннисінен жарыстар, «Әке-бәйтерек, бала оның жапырағы» тақырыбында 5-6 сынып әкелері мен ер балалары арасында сайыс, 15 мамыр - Отбасы күніне орай мектеп медбикесі Алипова Роза, психолог Елекбаева Гулбарам "Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында 11 сынып қыз балаларымен "Кел, сырласайық" пікірталас сағаты, «Менің әкем-ен жақсы адам» фотосуреттер, «Мектептегі бір күн» атты ашық есік күні, «ҰБТ және түлек: сенім, жауапкершілік, қолдау» тақырыбында ата-аналар жиналысы, "Мың алғыс әкеге" атты мерекелік шара, «Баланың өмірлік жетістігіне ықпал етуші факторлар» тақырыбында ZOOM платформасында дәріс – сабақ, отбасы тәрбие бағытында сынып сағаттары өткізілген.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқықтары туралы конвенция - мен оны білемін бе?», «Кішкентай баланың үлкен құқықтары», «Құқықтар мен міндеттер еліне саяхат» құқықтық білім беру сабақтары, "Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік" бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. 2022-2023 оқу жылында «Балалық шақты бірге қорғайық» және Ойыл ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы полиция майоры Шегетаев Айбекпен «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында кездесулер ұйымдастырылған.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша, 2022-2023 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», "Ұлттық қолөнер - ұлы мұра", "Қазақтың салт-дәстүрлері", "Салтым-санам, дәстүрім-дәулетім" сынып сағаттары, гастрономиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында "Ұлттық тағамдар", "Қазақтың ұлттық тағамдары" тақырыптарында сынып сағаттары, "Қазақтың ұлттық тағамдарының "фестивалі, Тұрмыс-тіршілікке байланысты салт-дәстүрлер", "Ою- өрнектер", " Қонақжайлылыққа байланысты салт-дәстүрлер", «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», «Өзара көмекке байланысты дәстүр мен ғұрыптар», "Қазақтың ұлттық ойындары", "Ұлттық тағамдар", "Ұлттық қолөнер дәстүрі", «Қазағымның дәстүрлері ай», «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», "Ұлттық киімдер", "Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер" тақырыптарында сынып сағаттары, мақсатында «Boursak party» челленджі, «Domdyra party» челленджі, «Asyq party» челленджі, #Dastur челленджі, ұлттық тағамдар дайындау челленджі, ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылған.

«Еңбек – елдің мұраты»- «Еңбегі адал жас өрен жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі», "Мұндай да мамандық бар", "Мен кәсіптер әлемінде", «Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым», «Мамандық таңдау – жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзіңде», "Мамандықтың бәрі жақсы", «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандық таңдау – маңызды шешім», «Кемел ұстаздың дара жолы», "Болашаққа бағдаршам", «Кәсіби бағдар беру», "Мамандығым -

мақтанышым", «Мамандық таңдау - маңызды іс», "Мен таңдаған мамандық", "Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл" тақырыптарында сынып сағаттары мен кездесулер өткізілді.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2022-2023 оқу жылдары, “Плоггинг” (жүгіріп жүріп, коқыс жинау) акциясы, "Таза табиғат" экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы, «Жасыл мекен» челленджі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, “Су-сен өмірсің”, "Экологиялық орта", "Әлемді қалай сақтаймыз?", " Менің экоүйім және ондағы барлық нәрсе ",«Қызыл кітап – дабыл белгісі», "Табиғатты сақтау-өмірді сақтау", Табиғаттағы құстардың рөлі», "Құстардың табиғаттағы рөлі", "Табиғатты аяла", "Табиғат тағдыры - адам тағдыры", "Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері", «Экология - өмірдің жүрегі!», "Экология және біз", «Біз көппіз - Жер бір!» тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша, , 2022-2023 оқу жылдары мектепте «Қоғамға қызмет» еріктілер тобы құрылған. «Күншуақ» мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, «Сүйіспеншілікке толы жүрек» , «Бұл әлем қандай тамаша!», “Мейірімділік - асыл қасиет” , “ Сүйіспеншілік- тіршіліктің негізгі тірегі”, “Мейірімді бала” тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өткізілген. Халықаралық қарттар күніне орай ақсақалдарды мерекемен құттықтады,

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Балалар және театр» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Театр үйірмесінің жетекшісі Борашева Айым.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту Министрлігінің 30.07.2024 №194 бұйрығына Ақтөбе облысы білім басқармасы ММ-нің 06.08.2024 жылдың №380 бұйрығы, Ойыл ауданы білім бөлімінің 26.08.2024 жылдың №443 бұйрығына сәйкес, «Ақшатау орта мектебі» КММ 28.08.2024 жылдың №32 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылуда. Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм , парасаттылық пен адалдық, ар- ождан, рухани –адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұнына сай әр айға тұрақты іс –шаралар және күнделікті және апта сайын жоспарға сәйкес іс-шаралар жоспарланды. Сонымен қатар, 6 құндылыққа негізделген іс-шаралар жоспары бекітілді. Құндылыққа байланысты жобалар іске асырылуда. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөнінде бекітілген кешенді жоспарға сәйкес төменде аталған жобалар бойынша іс-шаралар жүргізуге 28 тамыз 2024 жыл №32н/қ бұйрығына сәйкес жетекшілер тағайындалды. «Қамқор» жобасына Ғалымжанова Баян. «Шабьт» жобасына Жанатуғанова Ақгүл «Балалар кітапханасы» жобасына Айжарықова Дана «Еңбегі адал жас өрен» жобасына Кәрім Мақсұтбек «Ұиқыр ой алаңы» жобасына Қилыбаев Талап, «Smart bala» жобасына Дабылов Самат «Жасыл клуб» жобасына Онбаева Жанслу бекітілді.

Бағдарламаны басшылыққа ала отырып, барлық сыныптың тәрбие жоспарлары бекітілді. Жоспар бойынша іс-шаралар, 1 қыркүйек білім күні мерекесіне орай, «Мектебім -мейірім мекенім» атты салтанатты жиын өткізілді. Жиынға Ойыл селолық округінің әкімі Аманғосов Артур, аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Нұрғазин Доскей, аудандық полция бөлімінің өкілі Ермағамбетов Дархан қатысты. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге «Анвар ЖШС» директоры Т.М. Салфиқовтың демеушілігімен сөмке мен оқу құралдары табысталды. 2 қыркүйек күні барлық сыныпта

бірыңғай «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Өткізілген тәрбие сағаттар әлеуметтік желіге жарияланды. «Бала тәрбиесі- басты міндет» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста ата-аналарға «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» туралы және оқушылардың қауіпсіздігі мен мектеп формасына қойылатын талаптар айтылды. Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Ғасыр саңлағы» атты кеш өткізілді. Отбасы күніне орай «Отбасы бақыт мекені» атты сурет көрмесі, буклеттер жасалып, тәрбие сағаттары өткізілді. Денсаулық күніне орай жеңіл атлетикадан спорттық сайыс өткізілді.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240- VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша ішкі істер бөлімінің есебінде оқушы анықталмаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша – 11 сынып жетекші, 2023-2024 оқу жылы бойынша – 11 сынып жетекші 2024-2025 оқу жылы бойынша 11 сынып жетекші тағайындалған. 2022 жылдың 31 тамыздағы мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 45 бұйрығы негізінде класс жетекшілер тағайындалған. 2023 жылдың 31 тамыздағы мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 45 бұйрығы негізінде 11 сынып жетекшілер тағайындалған. 2024 жылдың 28 тамызындағы мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №39 бұйрығы негізінде 11 сынып жетекші тағайындалды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарлар құрылып, шаралар өткізілді.

#### Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	11	7	4
2022-2023 оқу жылы	11	6	5
2023-2024 оқу жылы	11	8	3
2024-2025 оқу жылы	11	5	6

#### Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары I, II санатты	Педагог
2022-2023	2	3	0		0	
2023-2024	2	2	0		0	
2024-2025	3	2	0		0	

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту». 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылған.

«Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. «Мен елімнің патриотымын», «Туған өлкем қандай көркем» челленждеріне орай бейнероликтер түсіріліп, ұстаздар күніне орай «Ұстазым саған мың алғыс!» акциясы, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Алтын жүрек», «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрышы жабдықталған. «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдардан байқауы, интеллектуалдық сайысы, «Мың бір мақал-жүз бір жұмба» интеллектуалды сайысы, «Менің жарқын болашағым» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілген.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккроссинг - кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «Сүйікті кітабыммен селфи» атты акциясы, «Кітап оқу сәні», «Біз оқитын 30 кітап», шарасы, «Отбасымен қосылып кітап оқу» Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары өткізілген.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы - адам құқығы» онкүндіктері, «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Абайлаңыз балалар!» атты тақырыбында жолда жүру апталығы, «Мектептегі мінез-құлық ережелері», «Жолда жүру ережесін сақтау» тәрбие сағаттары, сонымен қатар жергілікті полиция қызметкерлерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылған.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша «Жекіншектің жеті жарғысы» 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер- ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында сынып сағаттары, гостраномиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Шебер қол» тақырыбында шебер класс, «Boursak party», «Dombura party» челенждері, дәстүрлі Этнофестиваль ұйымдастырылған. «Менің Отаным Қазақстан», «Анаға сәлем» атты тақырыпта мерекелік шара, «Наурызым - ұлыс берекем!» тақырыбында мерекелік кеш, «Тұсау кесу», «Бесікке салу» дәстүрі акциясы өткізілген.

«Еңбек - елдің мұраты», «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Менің таңдауым», «Мамандығым-мақтанышым», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіптік бағдар беру», «Мамандық таңдау - оңай шешім» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, «Әр түрлі және қажетті мамандықтар» тақырыбында мамандармен кездесулер өткізілген.

«Үнем-қоғам қуаты», «Жасыл клуб» жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Таза табиғат – денсаулық кепілі», «Экологиялық орта», «Табиғатты сақтау - өмірді сақтау» тақырыптарында сынып сағаттары, «Сақ болсаң, сау боласың!» тақырыбында

марафон, «Жасыл мекен» челленджі, «Таза табиғат», «Ең таза, гүлденген класс» тақырыбында сыныпаралық сайысы, экологиялық акциялары ұйымдастырылған.

**Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме секцияларға қатысуы:**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркем-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секциялар саны	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	Пайызы
2022-2023 оқу жылы	9	75	75
2023-2024 оқу жылы	10	79	80
2024-2025 оқу жылы	7	73	75

2022-2023 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Қазақ күресі (Спорттық секция) - Айжарықов Арман.
2. Қазақ күресі Жайлыбаев Мінсізбай
3. До можор – Жаңатуғанова Ақгүл

2023-2024 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Қазақ күресі (Спорттық секция) - Айжарықов Арман.
2. Қазақ күресі Жайлыбаев Мінсізбай
3. «Ұшқыр ой алаңы» Жаңатуғанова Ақгүл

2024-2025 оқу жылы бойынша төмендегі үйірмелер жұмыс жасайды.

Қазақ күресі (Спорттық секция) - Қабдурахитов Досымжан  
Волейбол (Қыздар) - Құлмурзин Анарбек  
«Домбыра» үйірмесі – Жаңатуғанова Ақгүл  
«Ұшқыр ой» алаңы - Қилыбаев Талап

***білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);***

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында 10-11 сынып білім алушыларының жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымша) негізінде жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары таңдалып, оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 10-11 сынып білім алушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша (Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымша) жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі kundelik.kz платформасында инварианттық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. Педагогикалық кеңесте қаралған. 2022-2023 оқу жылында жалпы орта білім беруде 4 сынып жинақталып, 156 сағат апталық жүктеме берілген, апталық жүктеме үлгілік оқу жоспарға сәйкес бағыттар бойынша беріліп, бекітілген.

2022-2023 оқу жылында 10-11 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 10 - сынып-34 сағат, 11- сынып-34 сағат; 10-сыныпта вариативті компоненттен 2 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында *1 сағат «Жаһандық құзыреттіліктер»* курсы өткізіледі. Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында *1 сағат оқу -дала жиыны* курсына берілді.

11-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында *1 сағат «Жаһандық құзыреттіліктер»* курсы өткізілді. Элективті курс бойынша оқушыларға аймақтың химиялық өнеркәсібі, оның технологиясы, қолданылуы және олардың қоршаған ортаға әсері туралы терең білім беру мақсатында *1 сағат «Өнеркәсіптегі химия»* курсы өткізілді.

Элективті курс бойынша оқушыларға адам денсаулығын сауықтыру туралы көптеген ақпараттар алуға қолайлы орта жасау мақсатында *1 сағат «Адам және экология»* курсы өткізілді.

#### **2024-2025 оқу жылы.**

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді. Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен 10,11-сыныптарына таңдау курсы есебінен білім алушыларға жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс қимыл мәселелерін түсінуді, әр түрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында *«Жаһандық құзыреттілік»* тақырыбына 1 сағаттан курс берілді.

10 сыныбына 1 сағат элективті курс есебінен жалпы химия тараулары бойынша әртүрлі қиындығы жоғары есептерді шығарта отырып, оқушылардың химиялық білімдерін бекіту, жүйелеу және тереңдету мақсатында *«Сандық есептерді шығару»* тақырыбында химия пәніне 1 сағат курс берілді.



1сағат элективті курс есебінен АӨТД пәніне 10-сыныпқа оқушылардың практикалық іскерліктері мен дағдыларын дамыту, сонымен қатар әскери істерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру мақсатында оқу жылының соңында әскери бөлімдердің базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылықтарының келісімі бойынша) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында жас жігіттермен 30 сағат көлемінде бес күндік далалық (лагерь) оқу-жаттығу жиындары өткізуге берілді.

Қазақстан тарихы пәніне қызығушылығы бар оқушылардың логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру. Тарихи процестер мен құбылыстардың өздеріне тән белгілері мен сипаттарын анықтап, оларды топтастыра білу мақсатында 1 сағат «*Ұлы дала тарихы*» курсы жүргізіледі.

Оқушылардың мәселеге көңіл аудару, ақпараттарды жинау және ой елегінен өткізе алу дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың зияткерлік дамуы мен тұлғалық қалыптасуындағы туындаған мәселелерді шешудегі шығармашылық ұстанымдарын жетілдіру мақсатында 1 сағат «*Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі*» курсы жүргізіледі.

***білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.***

Ақшатау орта мектебі бойынша 2022 -2024 жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың және денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балалардың болмауына байланысты осы бағыттағы жұмыстар жүргізілген жоқ.

***ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;***

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

*Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны. Жалпы орта білім беру деңгейі (10-сынып) Жаратылыстану –математикалық бағыты.*

Жалпы орта білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді.

**2022-2023** оқу жылында 10-11 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 10 - сынып-34 сағат, 11- сынып-34 сағат;

10-сыныпта вариативті компоненттен 2 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізіледі. Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында 1 сағат оқу -дала жиыны курсына берілді.

11-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында 1сағат «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізіледі. Элективті курс бойынша оқушыларға аймақтың химиялық өнеркәсібі, оның технологиясы, қолданылуы және

олардың қоршаған ортаға әсері туралы терең білім беру мақсатында *1 сағат «Өнеркәсіптегі химия»* курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша оқушыларға адам денсаулығын сауықтыру туралы көптеген ақпараттар алуға қолайлы орта жасау мақсатында *1 сағат «Адам және экология»* курсы өткізіледі.

**2023-2024** оқу жылында 10-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында *1 сағат «Жаһандық құзыреттіліктер»* курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында 1 сағат алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу -дала жиыны курсына берілді.

Білім берудің үш мақсаты: оқыту, тәрбиелеу және дамытуды орындау кезінде әртүрлі дидактикалық әдістер көмегімен үйрету, бағыттау, тексеруді жүзеге асыру, пәнаралық (математика, химия және т. б.) байланысты нығайту, алған теориялық білімдерін олимпиадалық есептер шығару кезінде қолдана білуге үйрету мақсатында *1 сағат «Физикадан күрделі есептерді шығару»* курсы өткізіледі.

11-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында *1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»* курсы өткізіледі.

Оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, ғылымға қызығуын ояту. Өз ісіне жауапкершілігін арттыруды талап етеді. Сабақтарда теорияны өмірімен байланыстырудың маңызы үлкен. Сондықтан бұл курс бағдарламасында оқушылардың білімге жеке пәнге деген құштарлығын дамыту, белгілі бір кәсіптік мамандықты игеруге әзірлеу, өзіндік ой – пікір қалыптастыру, логикалық ой – өрісін дамыту. Оқушыларды оқу тәрбие процесі арқылы оқушыларды терең білім берумен қатар танымдық және эксперименттік есептер шығаруға дағдыландыру мақсатында 1сағат «Химиялық талдау негіздері» курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша оқушыларға адам денсаулығын сауықтыру туралы көптеген ақпараттар алуға қолайлы орта жасау мақсатында 1 сағат «Адам және экология» курсы өкізіледі.

11 сыныптағы білім алушылардың 10 кластағы таңдауы бойынша және нақты мамандануға, олардың болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақ мамандықтарына байланысты стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерінің оқытылуын жалғастыру мақсатында таңдау бөлімінен «Физика- география», «Химия – биология» пәндерді *аптасына 4 сағаттан* тереңдету мақсатында топтарға бөліп оқыту жүргізіліп, «Дүние жүзі тарихы», «Кәсіпкерлік және бизнес» стандартты деңгейдегі пәндер *аптасына 2 сағаттан* топтарға бөліп оқытылған.

### **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы**

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

**2022-2023 оқу жылы** бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

Сын ыбы	қыркүй ек	қазан	қараша	желтоқ сан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1					31	21,		4,18	2,23
2	07		09.		18		1	05	10
3	22		24		19	23		06	04
4	14	12,26	26	14	11,18	15	15	12.	10.
5	2,5,8,9,	7,10,11			09,12,13, 16,		16,17	3,6,	
6	2,5,7,9,		07,09,11,12		09,11,13,16		27,29,31,	3,24,26, 28	
7	2,5,6,9		7,8,11		9,10,13, 16		27,28,31	03,24,25,28	
8	2,6,7,9,		8,9,11,		10,11,13,17		20,29. 31.0,	4,	
9	6,7,8,13		9,10,15,		11,12,17,18		29,30,	4,5	
10							9,16,30	6,13,20,27	4,11,18,25
11						9,16,23	2,9,16,30	6,13,20,27	4,11,18,25

**2023-2024 оқу жылы** бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

Сыныбы	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
1	29	13	08	15		23,			10
2	28		16, 23		18,29			18	
3	22	13				16,23			03,10
4		11	08	06	24,31	07,21,28		24	04
5+	5,6,8,12		8,10,14		10,12,16,17		20	2,3,5,	
6+	4,6,7,11		13,15,16,	25,27,28	8,		11,13,14,18	17,18,22	
7+	5,7,8,12		14,16,17	26,28	9,11		14.15,19	02,23,25,26	
8+	,6,7,8, 13		15,16,17	27,28	10,11		13,14,15,20		
9+	4,6,8,11		15,17,20,	27	8,10,12,		15,18,20	01	
10+						22,29,	7,14,	4,11,18,25	2,9,16,23
11+					29,	5,12,19,26	4,11,18	1,8,15,22,29	6,13,20

**2024-2025 оқу жылы** бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырады;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырады.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырады.) және сабақ уақытында жүргізіледі. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізіледі.

Сыныбы	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
1					29	26	19	09.23	14
2	09	07			20		03	07,28	
3	23	02		23		03		14,28	
4	11	09,23	20	04	22	05,19		16,30	
5	02,03,06	07,	11,12,15	09,	10,13,14	07,		01,04,07	
6	03,04,05,10		12,13,14,	24,25,26	09,		13,18,19,20	17,22,23	
7	03,05,06,10		12,14,15	26,27	09		13,14,18	18,22,24	
8	03,04,05,10		12,13,14,	24,25,26,	09		13,18,19,20		
9	04,05,06,11		07,08,13		10,15,16,17,				
10						20,27,	02,03,04,09		08,15,22
11					27,	03,10,17,24,	03,10,17,	07.14,21,28,	05,12,19

### ***Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру.***

Ақшатау орта мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру төмендегідей жүргізілді: 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта 1-4-сыныптарда «Жол қозғалыстарының ережесі» оқу курсының мазмұны сынып сағаттарының есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан өткізіледі; 5-8-сыныптарда бұл оқу курсы сабақтан тыс уақытта сынып сағаттары мен факультативтер есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі.

<b>Сынып-тар</b>	<b>2022-2023 оқу жылы</b>
1-сынып	19.09.2022, 24.10.2022,12.12.2022, 13.03.2023,17.04.2023,15.05.2023
